Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына 7-қосымша

Нысан

**Кімге:** "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына

**Кімнен:** «AktownX» қоғамдық қорынан

# Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім

<table>
<tr><th colspan="5">1. Өтініш беруші</th></tr>
<tr><td>1. БСН</td><td colspan="4">220340023758</td></tr>
<tr><td>2. Ұйымның тіркелген күні</td><td colspan="4">18 наурыз 2022 жылы</td></tr>
<tr><td>3. Ұйымның толық атауы</td><td colspan="4">«AktownX» қоғамдық қоры</td></tr>
<tr><td>4. Ұйымның заңды мекенжайы</td><td colspan="4">Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе а. о., Қызылтөбе А., Балауса көшесі, 5 үй</td></tr>
<tr><td>5. Ұйымның басшысы</td><td>Мұрзабек</td><td>Нұрсұлтан</td><td>Мұратбекұлы</td><td>Директор</td></tr>
<tr><td>6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері</td><td colspan="4">Қордың басты мақсаты – жастарды жан-жақты дамыту үшін жағдайлар жасау, олардың рухани-адамгершілігін, интеллектуалды және физикалық, психологиялық күшін, әлуметтік және экономикалық, құқықтық жағдайын және рухани мәдениетін арттыру.<br><br>Қор қызметінің нысаны:<br><br>• Жастар саясатын дамыту және жастар бастамаларын қолдау;<br>• Жастардың бойында Қазақстандық патриотизм сезімін және азаматтық жауапкершілік ұстанымын, республикалың мемлекеттік рәміздеріне, Қазақстан халқының мәдени мұрасына, тіліне және дәстүрлеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;<br>• Жастар мәдениетін қалыптастыруға, жастардың білім, зияткерлік және кәсіби деңгейін көтеруге жәрдемдесу;<br>• Дарынды жастарды іздеу, оларға көмектесу және ілгерлету;<br>• Жастар шығамрашылығын дамыту;<br>• Салуатты өмір салтын қалыптастыру;</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td>
<ul>
<li>Жастардың жұмыспен қамтылуына ықпал ету;</li>
<li>Жастар кәсіпкерлігін дамыту;</li>
<li>Жастар арасында қылмысты болдырмау;</li>
<li>Жастардың мәртебесін көтеру, әлеуметтік мәселелерін шешу;</li>
<li>Еріктілер қозғалысын дамыту;</li>
<li>Ауыл және жұмысшы жастардың әлеуетін көтеру;</li>
<li>Мемлекеттік тілді насихаттау;</li>
<li>Өңірдегі жас отбасыларды қолдау, олардың арасында отбасы құндылықтарын насихаттау;</li>
<li>Жастар арасында ұлттық дәстүрді жаңғырту;</li>
<li>Жастар арасында ақпараттық-насихаттық жұмыстарды жандандыру;</li>
<li>Жастардың мәселелерін шешу жағдайлары мен жолдарын қалыптастыруға бағытталған талаптарын, күш-қуатын, әлеуетін біріктіру;</li>
<li>Мүмкіндіктері шектеулі ҚР азаматтарына әлеуметтік және материалды қолдау көрсетуді жүзеге асыру;</li>
<li>Жаңа жұмыс орындарын құру;</li>
<li>Жастарды туризм саласына кәсіби дайындау;</li>
<li>Демеушілік және мұқтаж жандарға көмек тарту;</li>
</ul>
ҚР жас азаматтарына кәсіби білім алу және материалды қолдау көрсету.
</td></tr>
<tr><td>7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар</td><td>Маңғыстау облысындағы 14-35 жас аралығындағы жастар</td></tr>
<tr><td>8. Ұйымның байланыс телефоны</td><td>8 (778) 101 41 94</td></tr>
<tr><td>9. Электрондық пошта мекенжайы</td><td>aktownx@gmail.com</td></tr>
<tr><td>10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты</td><td>-</td></tr>
<tr><td>11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)</td><td>«Инстаграм» әлеуметтік желісінде: https://www.instagram.com/aktownx/<br><br>«Тикток» әлеуметтік желісінде: https://www.tiktok.com/@aktown?_t=8ZqJ0GXalSE&_r=1<br><br>«You Tube» платформасында: https://www.youtube.com/@Aktown</td></tr>
<tr><td>12. Іске асырылған негізгі жобалар мен<br>бағдарламалар *<br>Ескерту.<br>* Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың</td><td>
<table>
<tr><th rowspan="2">№</th><th rowspan="2">Әлеуметтік жобаның атауы</th><th rowspan="2">Қаржыландыру көлемі (теңге)</th><th rowspan="2">Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші</th><th colspan="2">Орындау кезеңі</th><th rowspan="2">Негізгі нәтижелері</th></tr>
<tr><th>Басталуы</th><th>Аяқталуы</th></tr>
</table>
</td></tr>
</table>

электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Жиналайық» әлеуметтік жобасы | 10 235 000 | Мемлекеттік грант<br><br>«Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» ММ | Наурыз 2023 жылы | Қараша 2023 жылы | Маңғыстау бойынша іріктеліп алынған 25 тен астам жас өнерпаздар толық сахна мәдениеті және ән жазу сабақтарын алып, 68 үлкен сахнада Қазақстан эстрада жұлдыздарымен бірге 3500 - көрерменнің алдында өнер көрсетуге мүмкіндік алды. |
| 2 | «Aktown Talks» жобасы | 12 000 000 | Маңғыстау облысының Азаматтық Альянсы, Қазақстандағы АҚШ Елшілігі | Наурыз 2023 жылы | Шілде 2023 жылы | 500- ден астам жасөспірім аса өзекті «Мамандық таңдау», «Менталды және психологиялық денсаулық», «Адам құқығы» «Лидерлік сапа» секілді тақырыптарға білікті мамандардан кеңес алды. |
| 3 | Әлеуметтік роликтер түсіру және тарату | 450 000 | Қор есебінен | Қыркүйек 2022 жылы | Қыркүйек 2022 жылы | Маңғыстау өңірінің шығармашыл жастарына онлайн нетворкинг алаңы ашылды. |
| 4 | Қысқа метражды деректі фильмдер түсіру | 300 000 | Қор есебінен | Сәуір 2021 жылы | Желтоқсан 2021 жылы | Көше тазалау жұмысын жасайтын жасы үлкен кісілер, Құлағы естімейтін 18 жасар Анжела және атақты блогер Айдар Каримбаев өмірі туралы деректі фильмдер жарық көрді. |
| 5 | Талантты жастардың бейнебаянын түсіру | 400 000 | Қор есебінен | Қазан 2020 | Желтоқсан 2022 | Жас өнерпаздар өздерінің алғаш бейнебаяндарын тамашалады. Әлеуметтік желілерде барлық бейнероликтер 400 000 қаралым жинады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **6** | «Aktown Talks» жобасы | 300 000 | Қор есебінен | Тамыз 2020 жылы | Желтоқсан 2020 жылы | Шығармашылық ұғымы және жастар арасында актуалды тақырыптарға кеңес беру бейнероликтер жарық көрді. |
| **7** | «Жиналайық» әлеуметтік жобасы | 1 200 000 | Қор есебінен | Маусым 2022 жылы | Тамыз 2022 жылы | 114 музыка және хореография саласындағы өнерлі жастар өздерінің шығармашылығымен үлкен сахнада бөлісу мүмкіндігін алды. |
| **8** | «Жиналайық» әлеуметтік жобасы | 10 556 260 | Мемлекеттік грант<br><br>«Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» ММ | Сәуір 2024 жылы | Қазан 2024 жылы | 68 хореография және музыка саласындағы өнерлі жастар өздерінің шығармашылығымен үлкен сахнада бөлісу мүмкіндігін алды. Ортақ сахнаға 6elucci жас тобы өнер көрсетті. |

**2. Әлеуметтік жобаның командасы**

| | |
|---|---|
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | Мұрзабек Нұрсұлтан Мұратбекұлы, жоба жетекшісі |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | 2016 - 2017ж. «Turkuaz Machinery» компаниясы, маркетинг бөлімінің басшысы<br><br>2017 - 2018ж. «Rainbow Six» жарнама бөлімінің басшысы<br><br>2016 - 2018ж. Фрилансер ретінде «Sulpak», «Technodom», «LG», «Samsung», «Nokia» компанияларының ме-диа жобаларының іске асырушысы.<br><br>2018ж. «ChocoFamily» медиа кеңесшісі. |

| | |
|---|---|
| | 2018 - 2019ж. «Qamalladin Media» медиа бөлімінің бас маманы.<br>2019 - 2021ж. «Aktown» бастамашыл тобының басшысы.<br>2022ж. - «Aktownx» қоғамдық қорының құрылтайшысы. |
| 3. Қосымша мәліметтер | Маңғыстау облысы әкімдігі жанындағы Жастар ісі кеңесінің мүшесі, медиа-маман, лектор. |
| 4.Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме | «Инстаграм» әлеуметтік желісінде https://www.instagram.com/n.murzabek/<br>«You Tube» әлеуметтік желісінде https://www.youtube.com/@mrzaback |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | Титан Даулет Ертайұлы, қор есепшісі |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | 2016 – 2021 "Комлпекс Элит" администратор<br>2021 ж №13 гимназия, бухгалтер |
| 3. Қосымша мәліметтер | «Aktownx», «WallyMedia» жобаларының бухгалтерия кеңесшісі |
| 4.Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме | «Инстаграм» әлеуметтік желісінде https://www.instagram.com/invites/contact/?i=m36sxeqqi17a&utm_content=l2b2sly |
| **3. Жоба туралы** | |
| 1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады) | Маңғыстау облысындағы шығармашыл жастарды қолдау. |
| 2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы | «Жиналайық» жобасы |
| 3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.) | 2025 жылғы 1 Сәуір есебіне сәйкес Маңғыстау облысында 806,4 мың тұрғын мекен етеді, соның ішінде 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың саны 149 674 жас бар, ол облыс халқының 21%-ын құрайды, оның ішінде – 56 530 (36,9%) қалалық жерлерде, 93144 (63,1%) ауылда тұрады. Десе де, қазіргі таңда 35 жасқа дейінгі тұрғындардың барлығы «жастар» тобына кіретіндіктен бұл топтың пайыздық қатынасы шамамен 30%-ға жетеді. **2024 жылдың үшінші тоқсанындағы деректер бойынша, NEET санатындағы жастардың үлесі 9,8%-ды құраған.** Бұл көрсеткіштің төмендеуі аймақтағы жастар саясатының **тиімді жүзеге асқанын көрсетеді**.( https://stat.gov.kz , Жастарға арналған ақпарат - Маңғыстау жастары ). |

Аймақтың **14-35 жас аралығындағы жастар облыс халқының 30% -ын** құрайтынын ескерсек, өңірде мемлекеттік жастар саясатының сапалы жүзеге асыру мәселесі өте өзекті. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Маңғыстау облысына жасаған сапарында аймақтағы **дарынды жастарды қолдау қажеттігін** (https://mangystauzhastary.kz/prezident-mangghystawlyq-daryndy-zhastardy-qoldawdy-tapsyrdy/) атап өтті. Бүгінде аймақта **жастардың шығармашылық әлеуетін арттыру, талантты жастарды қолдауға бағытталған жұмыстарды жүйелеу** міндеті тұр.

**Жастардың шығармашылық әлеуетін арттыру** – өңірдегі мемлекеттік жастар саясатындағы өзекті мәселелердің бірі. Қоғам талаптарының қарқынды өзгерісі жастардан **шығармашылық қабілеттерін білікті қолдануды және оларды дамытуды талап етеді**. Қоғамның ең мобильді, жігерлі бөлігі жастар болғандықтан заман талаптарының өзгерісі осы топтан және жасөспірімдерден өз қабілеттерін ерте анықтауға және дамытуға сұраныс білдіруде. Алдағы уақытта әр-алуан бағыттағы **компания басшыларының орнын басатын** келешек көшбасшылардың тек кәсіби бағытта ғана емес, сонымен қатар, жеке тұлға ретінде шығармашылық, мәдениет және бұқаралық спорт саласында дамытуының жойқын маңыздылығы жастарға жан-жақты дамуға мүмкіндік беретін және беруі керек ортаны құруға сұранысты жыл санай арттыруда. Алайда аймақтың мәдени және шығармашылық даму көрсеткіштері республикадағы басқа өңірлермен салыстырғанда біршама төмен. Демек, аймақта жастар мен жасөспірімдердің жастардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша жоба жүзеге асырылуы қажет.

**Мәселен, 2023-2024 жылғы «Жастар» ҒЗО әлеуметтанулық сауалнамасына** (https://eljastary.kz/ru/research/18104/) **сүйенсек, ел жастарының 67,3%-ы Қазақстандағы жастардың шығармашылық қызметін дамыту мен қолдау орта деңгейде деп санайды. Респонденттердің 17,8%-ның пікірінше, қолдау төмен деңгейде, ал тағы 14,9% бұл деңгейді жоғары деп бағалаған. Сондай-ақ, шығармашылық саласындағы жастардың бейресми білімі туралы мәліметтерді де атап өткен жөн. «Жастар» ҒЗО деректеріне сәйкес, Қазақстан жастарының басым көпшілігі ешқандай шығармашылықпен айналыспайды (63,4 %). Бұл жауап бойынша Маңғыстау (85,5 %), Қостанай (76,4 %) облыстары және БҚО (85,5 %) көш бастады. Жалпы жастар арасында шығармашылықтың ең танымал түрлері – сурет салу – 11,8 %, музыка – 9,8 %, би – 8,6 %, вокал – 6 %, поэзия мен проза, жазу – 5,6 %, сәндік-қолданбалы шығармашылық – 5,2 %, театр – 1%. Шығармашылықтың қалған түрлеріне әуестенетін респонденттер 1 %-дан аз болды.**

Қоғамның әлеуметтік жағынан аз қамтылған және қолайсыз топтарына жататын дарынды балалар мен жастарды қолдау мәселесі әлі де өзекті болып табылады. **әлеуметтік жағынан аз қамтылған балаларға шығармашылық қолдау көрсету** олардың әлеуметтенуіне, өз-өзіне деген сенімін арттыруға және болашақта табысты болуына ықпал етеді. Бұд санаттағы балалар жиі түрде мәдени және шығармашылық дамуға тең қол жеткізе алмайды Мұндай топтардан шыққан дарынды балалар әртүрлі себептерге байланысты

өздерінің қабілеттерін толық ашып, дамыту үшін қажетті қолдауды ала алмайды. Көп балалы, толық емес, тұрмыстық жағынан қиын жағдайдағы, ауылдық жердегі балалар және басқа да әлеуметтік әлсіз отбасылардан шыққан балалар шығармашылық дамуда алғашқы кедергілерге ұшырап, ата-аналарынан немесе қоғамнан тиісті қолдау көрмейді. Мұндай балалар көбіне әлеуметтенуден тыс қалады. Шығармашылық – олардың ішкі әлемін аша отырып, қоғаммен байланыс орнатудың маңызды жолы.

Осы бағытта жүргізілген тәжірибе жастардың әртүрлі шығармашылық іс-шараларға, фестивальдерге және шеберлік сағаттарына қатысуға жоғары қызығушылық танытатынын көрсетеді. Мұндай іс-шаралар әлеуметтік топтарды біріктіріп, таланттарды анықтауға және кәсіби қарым-қатынас үшін тиімді орта қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл жастардың шығармашылық дамуына оң әсер етеді. Аталған іс-шараларды ұйымдастыру жастар арасындағы жұмыссыздық, азаматтық белсенділіктің төмендігі, әлеуметтік жауапкершіліктің аздығы және девиантты мінез-құлықтың таралуын болдырмауға көмектеседі. Шығармашылық пен дәстүрге негізделген іс-шаралар жастарды біріктіреді, бұл тек жеке тұлға мен отбасына ғана емес, тұтастай қоғамға да әсер етіп, моральдық және адамгершілік құндылықтардың дамуына ықпал етеді.

Зерттеулер көрсеткендей, қазіргі жастар үшін ең маңызды іс-шаралар – конкурстар мен фестивальдер, себебі олар жастарға өз шығармашылық әлеуетін ашуға және одан әрі өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Мәселен, 2024 жылы Маңғыстау облысы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының бастамасымен алғаш рет дарынды жастарға арналған жол жүру гранттары бөлінді, бұл гранттар республикалық байқауларға қатысушы жастардың жол шығындарын толық өтеді. Нәтижесінде, бұл гранттардың арқасында пікірсайысшылар республикалық ITII CUP турнирінде 2 орын және 5 аталым бойынша үздік атанса, жайдарман ойындарынан «Фараби» құрамасы республикалық «Junior» сайысында қола жүлдеге ие болды. Сонымен қатар, Маңғыстаудың самбошылары ҚР біріншілігінде 1 алтын, 2 күміс жүлде алып, өңірдің студенттік құрама командасы «Enactus Kazakhstan Business Collaboration Forum» форумына қатысты. Бұл көрсеткіштер аймақ жастарының әлеуеті мен мүмкіндіктерін айқындайды.

Айта кетсек, аймақтағы жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған жобалардың бірі — **"Жиналайық"** жобасы. Бұл жоба өңір жастары арасында танымал болып, мыңдаған жастардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға ықпал етті. Жоба аясында 2024 жылы жаңа заманауи музыка және би ұжымдары қалыптасып, 10 000-ға жуық адам қатысқан жастар кеші ұйымдастырылды. Бұған қоса, аймақтағы жаңа есімдер мен жас таланттар танылып, 50-ге жуық өнер адамы жарыққа шықты (AktownX қоғамдық қоры, 2024) (https://aktownx.kz)

Жоба аясында жастар арасындағы әлеуметтік теңсіздікті жоюға бағытталған шаралар да іске асырылды. Мысалы, әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтардан шыққан дарынды жастарға арнайы гранттар мен қолдау

| | |
|---|---|
| | көрсетілді. Бұл қолдау оларды шығармашылық салада жетістікке жетуге ынталандырды және аймақтағы әлеуметтік қолайсыз факторлардың алдын алу үшін маңызды қадам болды. |
| 4. Әлеуметтік жобаның мақсаты | **Музыкалық және хореографиялық өнер саласында жастарды анықтау, қолдау және дамыту.** |
| 5. Әлеуметтік жобаның міндеттері | 1) Аймақтағы музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы талантты жастарды анықтау, іріктеу, даярлау және оқыту<br>2) Аймақтағы музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы талантты жастарға ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсету<br>3) Аймақтағы талантты жастар қолдау мақсатындағы «Жиналайық» шағын кештер сериясын және «Жиналайық» Open Air форматындағы кешін ұйымдастыру |
| 6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады). | **«Жиналайық» талантты жастарды қолдау жобасы үш кезеңнен тұрады:**<br><br>Дайындық кезеңі, негізгі кезең және қорытынды кезең. Жобаның мақсатты тобына кешенді жұмысты ұйымдастыруға бағытталған дайындық кезеңінде, талантты жастардың әлеуетін арттыру және шығармашылығын дамыту мақсатында арнайы шаралар қарастырылады. Негізгі кезеңде жастардың шығармашылық қабілеттерін шыңдауға арналған жұмыстар жүргізіледі, ал қорытынды кезеңде жобаның тұрақтылығын қамтамасыз ету және жастар кештерін ұйымдастыру жұмыстары іске асырылады.<br><br>**Жобаның дайындық кезеңінде** аймақтағы музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы талантты жастарды анықтап, іріктеу, даярлау және оқыту шаралары жүзеге асырылады. Бұл міндеттерді іске асыру үшін келесі іс-шаралар ұйымдастырылады:<br><br>1. «Aktown шақырады» кастингі жарияланады, ол аймақтағы 14-35 жас аралығындағы музыка және би өнеріндегі жастарды анықтауға бағытталған. Кастингтің өтетін мерзімі мен ережелері аймақтағы БАҚ және әлеуметтік желілерде жарияланады. Өтінімдер Google Forms арқылы қабылданады.<br>2. Кастингке қатысушыларды іріктеу жобалық топ пен кәсіби мамандардың қатысуымен жүзеге асырылады, іріктеуден өткен қатысушылар шығармашылық топқа қосылады.<br>3. Шығармашыл жастардың біліктілігін арттыру мақсатында тақырыптық шеберлік сағаттары ұйымдастырылады.<br>4. Іріктелген жастар үшін олардың шығармашылық әлеуетін көрсету мақсатында шағын таныстырылымдар өткізіледі.<br><br>**Аймақтағы музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы талантты жастарға ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсету мақсатында келесі іс-шаралар өткізіледі:** |

| | |
|---|---|
| | 5. Республикалық деңгейдегі маманның қатысуымен заманауи музыка саласындағы біліктілікті арттыруға арналған уоркшоп ұйымдастырылады.<br>6. Кастингтен өткен жастар үшін промо-роликтер әзірленіп, аймақ жұртшылығына таныстыру мақсатында ақпараттық жұмыстар жүргізіледі.<br>7. Шығармашыл жастардың портфолиосын қалыптастыру үшін кәсіби мамандардың қатысуымен фотосессия ұйымдастырылады.<br>8. Жоба қатысушыларымен тұрақты байланыс орнату мақсатында арнайы топтар құрылады.<br>9. Қатысушылардың әлеуметтік желілердегі танымалдығын арттыру мақсатында VFX құралдарын және жасанды интеллектті пайдаланып презентациялық бейнероликтер дайындалады.<br><br>**Қорытынды кезеңде** «Жиналайық» жобасынң аясында талантты жастарға арналған кештер ұйымдастырылады. Бұл кезеңде келесі іс-шаралар жүзеге асырылады:<br><br>10. Аймақтағы жас таланттарды анықтау үшін ашық аланда еркін форматта «Жиналайық» шағын кеші өткізіледі. Кешке өңірдің 14-35 жас аралығындағы музыка мен хореографияға қызығушылық танытқан жастар қатысып, өз өнерін аймақ тұрғындары мен қонақтарына таныстырады.<br>11. Ақтау қаласында екі «Жиналайық» шағын кеші ұйымдастырылады, онда кастингтен өткен талантты жастар өз өнерлерін көрсетеді.<br>12. Аймақтағы авторлық әндер мен хореографиялық шығармаларды орындаушылардың авторлық кештері ұйымдастырылады, шығармашылық жастар арасында өнер сайыстары өткізіледі.<br>13. Аймақтағы шығармашыл жастарды біріктіретін ең ірі алаң ретінде «Жиналайық» open air форматындағы концерт ұйымдастырылады. Концертке жобаның аясында іріктелген таланттар қатысып, өз жетістіктерін таныстырады. Концерттің ауқымын кеңейту үшін еліміздегі танымал эстрада әртістері шақырылады.<br><br>**Жобалық топ «Жиналайық» жобасы аясында дәстүрлі емес форматты ұсына отырып, шығармашыл жастарды анықтап, дамыту процесін жаңа тәсілдермен жүзеге асырады. Сонымен қатар, заманауи медиатехнологияларды пайдаланып, әлеуметтік желілер арқылы шығармашыл жастардың жеке брендін қалыптастыруды ұсынады.** |
| 7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы | Маңғыстау облысы |
| 8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні | Маусым 2025 |

| | | |
|---|---|---|
| 9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні | Қараша 2025 | |
| 10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары | 1) 14-18 жас аралығындағы жасөспірімдер<br>2) 18-35 жас аралығындағы жастар<br>3) NEET санатындағы жастар<br>4) Ауыл жастары | |
| 11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері | 1. Аймақтағы заманауи музыкалық және хореографиялық өнерді дамыту мақсатында ауқымды республикалық деңгейдегі мәдени іс-шара ұйымдастырылады.<br>2. Қазақстанның әр өңірінен жиналған 50-ден астам талантты жас өнерпаз жоғары деңгейде өтетін концертке қатысады, онда кәсіби сахналық қойылымдар ұсынылады.<br>3. Жастар шығармашылығын кеңінен таныту үшін ақпараттық жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі, бұл шараның ұлттық деңгейде танылуына септігін тигізеді.<br>4. Концертке 10 мыңнан астам көрермен қатысады, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ауқымды жарнамалық кампания жүзеге асырылады.<br>5. Заманауи музыка мен хореография саласындағы кәсіби мамандардың қатысуымен шеберлік сабақтары өткізіліп, жас өнерпаздарға жаңа білім мен тәжірибе беріледі.<br>6. Жобаны ақпараттық қамту кемінде 50000 қаралым. | |
| Сандық нәтижелері | 1. Аймақта музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы 15 дарынды жас анықталып, оларға ақпараттық және консультативтік қолдау көрсетіледі.<br>2. Аймақтағы заманауи музыка саласындағы талантты жастар үшін республикалық деңгейдегі маманның қатысуымен кемінде 35 жасқа арналған 1 шеберлік сағаты ұйымдастырылады.<br>3. Ақтау және Жаңаөзен қалаларында шығармашыл жастар үшін 3 шағын іс-шара өткізіледі.<br>4. Аймақтағы заманауи музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы дарынды жастарға арналған Open Air форматындағы 1 кеш ұйымдастырылады. | |
| Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері | Жобаның басталған уақытынан аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін жастардың екі фазалы сауалнама жүргізу арқылы іс-шараларға қатысушылардың қанағаттану деңгейін 80%-ға жеткізу | |
| 12. Әлеуметтік жобаның серіктестері*<br>* Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтырылады және серіктестердің хаттарымен расталады | Серіктес | Қолдау түрі |

| | |
|---|---|
| 13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады | 1. Қор мамандары жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ілгерілету бойынша жобалық топ контент-жоспар жасақтайды;<br>2. Қордың медиа маманы жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ-та белсенді SMM жылжыту, материалдар мен роликтер дайындау және тарату жұмысын ұйымдастырады. Тарату жұмысына өңірдегі жастар арасында танымал инфлюенсерлер атсалысады;<br>3. Медиа маман қордың және жергілікті БАҚ үшін жобаның барлық кезеңінде әлеуметтік желілерге арналған қысқа есептік роликтерді монтаждап, тұрақты түрде жариялап отырады. |

**4. Күнтізбелік жоспар**

| № Р\с | Шешілетін міндет* | Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны | Басталу күні | Аяқталу күні | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Аймақтағы музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы талантты жастарды анықтау, іріктеу, даярлау және оқыту** | Аймақтағы талантты жастарды анықтау мақсатында «Aktown шақырады» кастингін ұйымдастыру | Маусым 2025 жылы | Шілде 2025 жылы | Аймақта музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы талантты жастардың қатысуымен кемінде 35 жасы бар шығармашылық тобы қалыптасады; |
| 2 | | Шығармашыл жастардың біліктілігін арттыру бойынша тақырыптық шеберлік сағаттар ұйымдастыру | Маусым 2025 жылы | Шілде 2025 жылы | Шығармашыл жастарға арналған кемінде 2 шеберлік сағаты ұйымдастырылып, кемінде 15 жас біліктілігін арттырады; |
| 3 | | Кастингке қатысушыларды іріктеуді жобалық топ пен шақыртылған кәсіби мамандар жүргізеді. Конкурстық іріктеуден өткен қатысушылардан шығармашылық топ қалыптастыру | 10 маусым | 20 маусым | Аймақтағы музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы талантты жастардың шығармашылық тобы қалыптасады; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | | Іріктелген жастардың әлеуетін арттыру мақсатында жас таланттардың шағын таныстырылымы ұйымдастыру | Шілде<br>2025 жылы | Тамыз<br>2025 жылы | Аймақтағы кемінде 10 жастың промороликі дайындалып, таныстырылымы өткізіледі |
| 5 | **Аймақтағы талантты жастар қолдау мақсатындағы «Жиналайық» шағын кештер сериясын және «Жиналайық» open air форматындағы жастар кешін ұйымдастыру** | Өңірдегі жас таланттарды анықтау үшін ашық алаңда, еркін форматта «Жиналайық» шағын кеші ұйымдастыру | Маусым<br>2025 жылы | Қыркүйек<br>2025 жылы | Аймақтағы авторлық ән орындаушылар мен би мектептерінің басын біріктіретін «Жиналайық» жобасы іске асады;<br>Шығармашыл жастарға арналған Ақтау және Жаңаөзен қалаларында 3 кеш ұйымдастырылады;<br>Аймақтағы авторлық ән орындаушылар мен би мектептерінің басын біріктіретін «Жиналайық» жобасы іске асады; |
| 6 | | Аймақтағы шығармашыл жастардың әлеуетін көрсетіп, шығармашыл жастардың басын біріктіретін ең ауқымды алаң «Жиналайық» open air форматындағы концертін ұйымдастыру | Тамыз<br>2025 жылы | Қыркүйек<br>2025 жылы | Шығармашыл жастарға арналған кемінде 1 облыстық жастар концерті ұйымдастырылады |
| 7 | **Аймақтағы музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы талантты жастарға ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсету** | Жоба қатысушыларының заманауи музыка саласындағы біліктілігін арттыру мақсатында | Тамыз<br>2025 жылы | Қыркүйек<br>2025 жылы | Аймақтағы талантты жастарды қолдау жәәне оларды насихаттау бойынша кешенді ақпараттық іс-шаралар ұйымдастырылады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | республикалық деңгейдегі маман қатысуымен шеберлік сағатын ұйымдастыру | | | |
| **8** | | Кастингтен өткен шығармашыл жастар үшін промо-роликтер әзірленіп, аймақ жұртшылығына таныстыру мақсатында ақпараттық жұмыс жүргізу | Маусым 2025 жылы | Қыркүйек 2025 жылы | Кастингтен өткен шығармашыл жастар үшін промо-роликтер әзірленеді |
| **9** | | Шығармашыл жастардың портфолиосын жасақтау мақсатында кәсіби маманның қатысуымен фотосессия ұйымдастыру | Шілде 2025 жылы | Қыркүйек 2025 жылы | Аймақтағы талантты жастарды қолдау және оларды насихаттау бойынша кешенді ақпараттық іс-шаралар ұйымдастырылады. |
| **10** | | Жоба қатысушыларымен тұрақты байланыс орнату мақсатында мессенджерлерде топ құру | Маусым 2025 жылы | Шілде 2025 жылы | Аймақтағы талантты жастарды қолдау және оларды насихаттау тұрақты гибридтік (онлайн және офлайн) байланыс орнатылады |

**5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы**

| № | Шығыстардың баптары | Өлшем бірлігі | Саны | Құны, теңге | Барлығы, теңге | Қаржыландыру көздері | | Негіздеме/түсініктеме |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Өтініш беруші | Грант қаражаты | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | (жеке салым) | | |
| | **Әкімшілік шығындар:** | | | 610 925 | **3 665 550** | 0 | **3 665 550** | |
| | *Жалақы, соның ішінде:* | | | 604 925 | **3 629 550** | 0 | **3 629 550** | |
| | Жоба жетекшісі | ай | 6 | 390 000 | 2 340 000 | 0 | 2 340 000 | |
| | Ұйым есепшісі | ай | 6 | 135 200 | 811 200 | 0 | 811 200 | |
| | Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар | ай | 6 | 50 839 | 305 034 | 0 | 305 034 | |
| | Міндетті медициналық сақтандыру | ай | 6 | 15 756 | 94 536 | 0 | 94 536 | |
| | Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасы | ай | 6 | 13 130 | 78 780 | 0 | 78 780 | |
| | Банк қызметі | ай | 6 | **6 000** | **36 000** | 0 | **36 000** | |
| | **Шығын материалдары, негізгі құралдарға қызмет көрсету және ұстау үшін қажетті тауарларды сатып алу және басқа да қорлар, соның ішінде:** | | | **2578** | **64 450** | 0 | **64 450** | |
| | Кеңсе тауарлары (қағаз А4) | ай | 25 | 2578 | 64 450 | 0 | 64 450 | |
| | **Материалдық – техникалық қамтамасыз ету шығыны** | | | **1 100 000** | **1 100 000** | 0 | **1 100 000** | |
| | Жүйелі блок | дана | 1 | 800 000 | 800 000 | 0 | 800 000 | |
| | Монитор | дана | 1 | 300 000 | 300 000 | 0 | 300 000 | |
| | **Тікелей шығындар:** | | | | | 0 | | |
| | **Аймақтағы музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы талантты жастарды анықтау, іріктеу, даярлау және оқыту** | | | **157 000** | **570 000** | 0 | **570 000** | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ақпараттандыру жұмыстары (таргетолог, жарнама даярлау) | қызмет | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 | |
| | Трансфер Ақтау - Жаңаөзен | қызмет | 1 | 150 000 | 150 000 | | 150 000 | |
| | Типографиялық өнімдер (футболка, блокнот, стикерпак) дайындау | дана | 60 | 7000 | 420 000 | 0 | 420 000 | |
| | **Аймақтағы талантты жастар қолдау мақсатындағы «Жиналайық» шағын кештер сериясын және «Жиналайық» жастар кешін ұйымдастыру** | | | **5 500 000** | **5 500 000** | 0 | **5 500 000** | |
| | Жиналмалы сахнаны жалға алу | қызмет | 1 | 2 500 000 | 2 500 000 | 0 | 2 500 000 | |
| | Сахнаны баннермен безендіру | қызмет | 1 | 500 000 | 500 000 | 0 | 500 000 | |
| | LED экранды жалға алу | қызмет | 1 | 500 000 | 500 000 | 0 | 500 000 | |
| | Хэдлайнер қызметі (гонорор, жол, қонақ үй, тамақтану шығыны ) | қызмет | 1 | 2 000 000 | 2 000 000 | 0 | 2 000 000 | |
| | Музыкалық аппаратураны жалға алу | қызмет | 4 | 0 | 0 | 0 | 0 | |
| | **Аймақтағы музыкалық және хореографиялық өнер саласындағы талантты жастарға ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсету** | | | **100 000** | **100 000** | 0 | **100 000** | |
| | Промо роликтер дайындау | дана | 15 | 0 | 0 | 0 | 0 | |
| | Фотограф қызметі | қызмет | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 | |
| | Фотостудияны жалға алу | қызмет | 1 | 100 000 | 100 000 | 0 | 100 000 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Дыбыс жазу студиясы | қызмет | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 | |
| | Медиа саласының мамандары бойынша консультациялық жұмысқа спикер шақыру | қызмет | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 | |
| | **Жиынында:** | | | **7 470 503** | **11 000 000** | | **11 000 000** | |

* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі.

**6. Өтінімді растау**

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:

- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;
– осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;
- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;
– осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;
– осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;
- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;
- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;
- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен шағым жасайтын берешекті қоспағанда);
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.

Ұйым басшысы Мырзабек Нұрсұлтан Муратбекұлы ________ 2025 ж. "20" мамыр

(ұйым басшысының лауазымы) (қолы) (қолдың толық жазылуы) (толтыру күні)